

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

26.02.2020ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Өңірлерде іс-сапар барысында болған кезде, ауыл шаруашылығы саласы бойынша, жергілікті шаруашылықтар бірнеше проблемалық мәселелерді көтерген болатын. Мысалы Атырау облысында қолданыстағы «Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» ереже бойынша көлтабандық (лимандық) жерлерге су шығарып, мал азығын дайындап отырған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізуге көрсетілген қызметтер құнының **75%** мөлшерін субсидиялау енгізілмей қалғандықтан, 2019 жылы көлтабандық жерлерді пайдаланып су шығарған 18 ауыл шаруашылығы құрылымдарына тиісті **21,581 млн. теңге** субсидияларды төлеу мүмкін болмай отыр.

Сол себептен, мал шаруашылығы саласын дамыту үшін, өңірдегі мал азығы базасының қиындықтарын ескере отырып, алдағы жылдары көлтабандық жерлерге су тұтынған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне субсидиялық қолдаулар жасалуын және 2019 жылдың қорытындысы бойынша су жеткізу қызметі құнының шығындары өтелмей қалған ауыл шаруашылығы құрылымдарына ағымдағы жылы, 2019 жылдағы шығындары үшін субсидиялар төленуін қарастыруды;

Сонымен қатар, Атырау өңірі үшін жем-шөп базасы өзекті мәселелердің бірі, өңірде шабындық жерлердің тапшылығынан және өнімсіздігінен қыстаққа қажетті мал азығының біраз бөлігі көршілес Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының аумақтарынан дайындалып, тасымалданады немесе осы өңірлерден сатылып алынады.

Сондықтан аумақта қыстаққа қажетті мал азығын дайындаудың қиыншылығы ескеріліп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қыстаққа дайындаған ірі сабақты мал азығын дайындау шығындарына жергілікті бюджет есебінен субсидия бөліну үшін, рұқсатқа тапсырма беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалды қарастыру нәтижелерін және қабылданған шараларды заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша хабарлауды сұраймын.

Құрметпен,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшесі,
депутат

Б. Ізмұхамбетов

Орындаушы: Т.Н. Мұханов
Тел.: 8 (7172) 74 68 55